

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық Ұйымы»
акционерлік қоғамы

**«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы»
акционерлік қоғамының
(«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ)
облигацияларының он екінші шығарылымының
ПРОСПЕКТІСІ**

Шығарылым 2013 жылғы 1 маусымда құрастырылған
Қаржылық көрсеткіштер 2013 жылғы 1 сәуірдегі жағдай
бойынша ұсынылған

10 000 000 000 (он миллиард) данада қамтамасыз етілмеген атаулы
купондық облигациялар



Облигациялар шығарылымының уәкілеттік органмен мемлекеттік тіркеу проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсыныс жасауды білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді іске асыратын уәкілеттік орган осы құжатта бар ақпараттардың растығына жауап бермейді. Облигациялар шығарылымы проспектісі Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес қаралды. Эмитенттің жауапты тұлғасы осы проспектідегі бар ақпараттардың растығына және эмитентке және оның облигацияларына қатысты осындағы ұсынылған барлық ақпараттардың растығына және ешқандай қателесуге жол берілмейтініне жауап береді.

1 бөлім. Эмитент туралы деректер

2. Эмитенттің атауы.

Атауы:	Толығымен	Қысқартылған
Қазақ тілінде:	«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы	«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ
Орыс тілінде:	Акционерное общество «Ипотечная организация «Казахстанская Ипотечная Компания»	АО «ИО «Казахстанская Ипотечная Компания»
Ағылшын тілінде:	Joint-Stock company «Mortgage organization «Kazakhstan Mortgage Company	JSC «MO «Kazakhstan Mortgage Company»

Эмитент атауы 21.01.2010 жылы өзгертілді. Алдыңғы атауы:

Атауы:	Толығымен	Қысқартылған
Қазақ тілінде:	«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» акционерлік қоғамы	«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» АҚ
Орыс тілінде:	Акционерное общество «Казахстанская Ипотечная Компания»	АО «Казахстанская Ипотечная Компания»
Ағылшын тілінде:	Joint-Stock Company “Kazakhstan Mortgage Company”	JSC «Kazakhstan Mortgage Company»

Эмитент атауы 2004 жылғы 13 сәуірде өзгертілді. Алдыңғы атауы

Атауы:	Толығымен	Қысқартылған
Қазақ тілінде:	«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» жабық акционерлік қоғамы	«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ЖАҚ
Орыс тілінде:	Закрывое акционерное общество «Казахстанская Ипотечная Компания»	ЗАО «Казахстанская Ипотечная Компания»
Ағылшын тілінде:	Closed Joint-Stock Company “Kazakhstan Mortgage Company”	CJSC «Kazakhstan Mortgage Company»

Қоғам «КазИпотека» Ипотекалық ұйымы» АҚ еншілес ұйымын өзіне қосу арқылы қайта ұйымдастырылды және «КазИпотека» Ипотекалық ұйымы» АҚ-ның барлық несие берушілері және борышкерлеріне қатысты, тараптармен дау тудыратын міндеттемелерді қосқанда, оның барлық құқықтары мен міндеттемелері бойынша құқық иеленушісі болып табылады.

3. Эмитентті Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы деректер.

Эмитенттің соңғы рет қайта тіркелуі:

Мемлекеттік қайта тіркеу күні – 2010 жылдың 21 қаңтары.

Мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәліктің нөмірі: серия В №0472701

Шаруашылық субъектісінің нөмірі: № 37167 –1910 – АҚ.

Мемлекеттік қайта тіркеуді жүргізетін органның аты: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Алматы қаласы Әділет департаменті.

Эмитенттің бірінші тіркелген күні: 29.12.2000 ж.

4. Алып тасталды.

4-1. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

СТН 600 400 126 011, БСН 001240001720.

5. Эмитенттің тұрғылықты жері, телефон және факс байланыс нөмірлері, электронды поштасының мекенжайы туралы деректер.

Орналасқан жері: 050012, Алматы қ., Қарасай батыр көшесі, 98 үй.

Пошталық мекенжайы: 050012, Алматы қ., Қарасай батыр көшесі, 98 үй.

Телефон/факс: (727) 344-12-22, факс: (727) 344-13-00.

e-mail: kmc@mail.online.kz

Компания сайты: <http://www.kmc.kz>

6. Эмитенттің банктік деректемелері:

СТН: 600 400 126 011

БСН: 001 240 001 720

Кбе: 15

Банктің атауы мен деректемелері	Валюта	Эмитенттің банктік деректемелері:
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	Қазақстандық теңге	ЖСК KZ046010131000112685 БСК HSBKKZKX
«Банк ЦентрКредит» АҚ	Қазақстандық теңге	ЖСК KZ358560000003055833 БСК KCJBKZKX
«Kaspi Bank» АҚ	Қазақстандық теңге	ЖСК KZ75722S000000486984 БСК CASPKZKA
«Казкоммерцбанк» АҚ	Қазақстандық теңге	ЖСК KZ939261802130359000 БСК KZKOKZKX
«Нурбанк» АҚ	Қазақстандық теңге	ЖСК KZ1284915KZ004809414 БСК NURSKZKX
«Альянс Банк» АҚ	Қазақстандық теңге	ИИК KZ489650000070161377 БИК IRTYKZKA
«Delta Bank» АҚ	Қазақстандық теңге	ИИК KZ386390422030000501 БИК NFBAKZ23
«AsiaCredit Bank» АҚ	Қазақстандық теңге	ИИК KZ3877420KZ220315012 БИК LARIKZKA
«Bank RBK» АҚ	Қазақстандық теңге	ИИК KZ098210339895914004 БИК KINCKZKA

7. Эмитенттің қызмет түрлері.

Эмитенттің негізгі қызметі банк қарыз операцияларын іске асыру үшін уәкілетті органның лицензиясы негізінде ипотекалық қарыздарды ұсыну болып табылады.

Қоғам мына қосымша операцияларды іске асыруға құқығы бар:

- 1) сенімгерлік операцияларын: сенім білдірушінің мүддесі мен тапсырмасы бойынша ипотекалық қарыздар бойынша талап құқықтарын басқаруды;
- 2) факторингтік операцияларын: төленбеу тәуекелін қабылдай отырып, тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) сатып алушыдан төлем талап ету құқықтарын сатып алуды;
- 3) форфейтинг операцияларын (форфейтер): сатушыға айналымсыз вексельді сатып алу арқылы тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемесін төлеуді;
- 4) лизингтік қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Қоғам қызметтің төменде көрсетілген түрлерін іске асыруға құқы бар:

- 1) 1995 жылғы 23 желтоқсандағы № 2723 «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасы заңының 5-2 бабының 6 тармағында қарастырылған шектеулерді қоса есептегенде инвестициялық қызмет;
- 2) Ипотекалық несие беру мәселелері бойынша ақпарат тасымалдаушыларының барлық түрінде арнайы әдебиеттерді сату;
- 3) Өз мүліктерін сату;
- 4) Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген тәртіпте кепіл мүлігін сату;
- 5) Қоғам қызметіне байланысты мәселелер бойынша кеңес беру қызметтерін ұсыну;
- 6) Бағалы қағаздарды, соның ішінде облигацияларды шығару және орналастыру;

7) Ипотекалық ұйымдар қызметін автоматтандыру үшін қолданылатын арнайы бағдарламалық қамтамасыз етулерді сату;

8) Ипотекалық несие беру шеңберінде мамандардың біліктілігін көтеру мақсатында оқуды ұйымдастыру және өткізу.

7-1. Қаржы агенттігі мәртебесін иемденуші эмитент бойынша мәлімет.

Эмитент қаржы агенттігі болып табылмайды.

8. Халықаралық рейтинг агенттіктерінің және (немесе) Қазақстан Республикасы рейтинг агенттіктерінің эмитентке және (немесе) оның шығарған бағалы қағаздарына берген рейтингтері туралы деректер.

2012 жылы 26 қарашада халықаралық Fitch Ratings рейтинг агенттігі Эмитенттің рейтингін көтерді: «BB+» шетел валютасында ұзақ мерзімді рейтинг, «BBB-» шетел валютасында ұзақ мерзімді рейтинг және «B» шетел валютасында қысқа мерзімді рейтинг. Ұзақ мерзімді рейтинг бойынша болжам – «Тұрақты».

Осы рейтингтік әрекет Эмитенттің келесі айналыстағы облигацияларына таралады:

Облигациялар коды (ішкі)	ISIN	Обращениялар айналысының басталу күні	Шығарылым көлемі, млн. теңге
KZIKb2	KZ000A0TZW69	11.08.2003	3 000
KZIKb3	KZ000A0TZWY9	01.12.2003	5 000
KZIKb4	KZ000A0TZW44	01.02.2004	5 000
KZIKb8	KZ2C00001030	01.10.2004	5 000
KZIKb11	KZ000A0TZX1	10.04.2005	5 000
KZIKb12	KZ000A0TZW51	10.04.2005	5 000
KZIKb16	KZ2C00001071	15.01.2007	5 000
KZIKb17	KZ2C00001048	10.06.2007	10 000
KZIKb19	KZ2C00001089	15.07.2009	5 000
KZIKb20	KZ2C00001022	10.12.2009	8 000
KZIKb21	KZ2C00000180	23.12.2010	10 000
KZIKb22	KZ2C00001733	02.04.2012	10 000
KZIKb23	KZ2C00001741	02.04.2012	15 000

2012 жылғы 20 желтоқсанда «Алматы қаласының Аймақтық қаржы орталығының рейтинг агенттігі» АҚ Компанияның кредиттік рейтингін «тұрақты» болжамымен А3/P2 деңгейіне дейін, ал сонымен қатар борыштық міндеттемелер рейтингін «тұрақты» болжамымен көтерді:

№ қ/с	Сауда-саттық коды	НИН/ISIN	Шығарылым көлемі, млн. теңге	Ұзақ мерзімді рейтинг	Қысқа мерзімді рейтинг
1	KZIKb2	KZ2C0Y10A857 KZ000A0TZW69	3 000	BBB1	P2
2	KZIKb3	KZ2C0Y10A980 KZ000A0TZWY9	5 000	BBB1	P2

3	KZIKb4	KZ2C0Y10B079 KZ000A0TZW44	5 000	BBB1	P2
4	KZIKb8	KZ2C0Y10B319 KZ2C00001030	5 000	BBB1	P2
5	KZIKb11	KZPC1Y10B543 KZ000A0TZX1	5 000	BBB1	P2
6	KZIKb12	KZPC2Y12B547 KZ000A0TZW51	5 000	BBB1	P2
7	KZIKb16	KZPC4Y10B547 KZ2C00001071	5 000	BBB1	P2
8	KZIKb17	KZP02Y09C495 KZ2C00001048	10 000	BBB2	P2
9	KZIKb19	KZP04Y04C492 KZ2C00001089	5 000	BBB1	P2
10	KZIKb20	KZP05Y06C494 KZ2C00001022	8 000	BBB1	P2
11	KZIKb21	KZ2C0Y08D913 KZ2C00000180	10 000	BBB1	P2
12	KZIKb22	KZ2C0Y05E206 KZ2C00001733	10 000	BBB2	P2
13	KZIKb23	KZ2C0Y08E218 KZ2C00001741	15 000	BBB1	P2

9. Эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркелген күні, орналасқан жері мен пошталық мекенжайы.

Эмитенттің Астана қаласында өкілеттігі бар:

Атауы	Куәлігі мен тіркеуден өткен күні	Өткен орны	Пошталық адресі
«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық Ұйымы» акционерлік қоғамының Астана қаласындағы өкілдігі	№ 3017-1901-П-о 13.04.2010ж.	Қазақстан Республикасы Астана қаласы	Қазақстан Республикасы 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Тұран көшесі, 18. тел. 79-90-70

Эмитенттің филиалдары жоқ.

Қоғамның Ақтөбе қаласында, Қарағанды қаласында, Қостанай қаласында, Көкшетау қаласында, Павлодар қаласында, Петропавловск қаласында, Талдықорған қаласында, Тараз қаласында, Өскемен қаласында, Шымкент қаласында, Қызылорда қаласында, Атырау қаласында аймақтық өкілдері жұмыс істейді.

10. Эмитенттің соңғы аяқталған үш қаржы жылына қаржылық есебіне қаржылық есеп беру аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның (фамилиясы, аты, болса аудитордың аты-жөні), олардың тиісті алқалы органға (қауымдастық, палата) қатыстылығы көрсетілген толық ресми атауы.

Егер жоғарыда аталған тұлғалармен шарттың бұзылуы орын алған жағдайда, оның бастамашысы болған тарапты көрсете отырып шарттың бұзылу себебі туралы ақпарат ұсынылуы тиіс.

Компанияның жылдық қаржы есебінің аудиті соңғы үш жыл ішінде «КПМГ Аудит» ЖШС халықаралық аудиторлық ұйымымен өткізілді.

«КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстан заңнамасы бойынша тіркелген жауапкершілігі шектеулі серіктестік, ол KPMG Europe LLP бақылауына қарайды, Швейцария заңнамасы бойынша тіркелген KPMG International (KPMG International) ассоциясына кіретін KPMG тәуелсіз фирма жүйесінің мүшесі.

2006 жылғы 06 желтоқсанда Аудиторлық қызметпен айналысу үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен № 0000021 мемлекеттік лицензия берілген.

Адресі: «КПМГ Аудит» ЖШС
«Көктем» Бизнес Орталығы
Қазақстан Республикасы, 050051
Алматы қ., Достық даңғ., 180
E-mail: company@kpmg.kz
Телефон: +7 (727) 298 08 98
Факс: +7 (727) 298 07 08

«КПМГ Аудит» ЖШС-ының президенті – Бердалина Ж.К.

Проспектті уәкілетті органға ұсыну алдындағы үш жыл ішінде тиісті қызмет көрсету шарттары жасалған заң және қаржылық мәселелер бойынша кеңесшілердің, олардың тиісті алқалы органға (қауымдастық, палата) қатыстылығы көрсетілген толық ресми атауы.

Егер жоғарыда аталған тұлғалармен шарттың бұзылуы орын алған жағдайда, оның бастамашысы болған тарапты көрсете отырып шарттың бұзылу себебі туралы ақпарат ұсынылуы тиіс.

Соңғы үш жыл ішінде заң мәселелер бойынша тиісті көмектер алу туралы қызметтерді көрсету үшін кеңесшілермен шарттар жасалынбады.

Қаржылық кеңесшілерінің тізімі:

№	Атауы	Шартта көрсетілген мекенжайы	Телефон	Нақты мекенжайы	Шартты бұзу себептері
1	"Реестр" АҚ	0500000, Алматы қ., Панфилов к-сі, үй-158, офис 43	(727) 311- 15-32, (727) 311-15-46, (727) 311- 15-47	050013, Алматы қ., БЦ"Нурлытау", блок-секция 4Б, офис 1301	Тараптар келісімі бойынша
2	"Prime Financial Solutions" АҚ	050022, Алматы қ., Масанчи к-сі, үй-98 А, офис №43	(727) 292- 30-25, (727) 292-30-42	050022, Алматы қ., Масанчи к-сі, үй-98 А, офис №43	Тараптар келісімі бойынша
3	"Евразиялық Капитал" АҚ	050004, Алматы қ., Желтоқсан к-сі, 59	(727) 333- 40-20	050004, Алматы қ., Желтоқсан к-сі, 59	
4	"Серпин Аудит" ЖШС	050060, Алматы қ., Өтепов к-сі, үй 19, пәтер-48	(727) 383 21 24	050010, Алматы қ.,	Шарт мерзімінің аяқталуына байланысты
5	"Unicorn IFC" (Юникорн АйЭфСи) АҚ	050036, Алматы қ., №3 ш/а, Ұлықбек к- сі, 40Б	(727) 272- 73-87	050036, Алматы қ., Фурманов к-сі, 174Б, 3қабат, №2	Тараптар келісімі бойынша
6	" Алматы қаласы ААҚО рейтингтік агенттігі " АҚ	050051, г. Алматы, пр. Достық 136	(727) 330- 23-01	050051, г. Алматы, пр. Достық 136	
7	"Smart Group" АҚ	050059, Алматы қ., Достық даңғылы, 91/2, бизнес-орталық "ВАТТ", 4 қабат		050059, Алматы қ., Аль-Фараби даңғылы 13, Бизнес-орталық "Нурлытау" блок 2- Б, офис 303	Тараптар келісімі бойынша

8	"Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ	Алматы қ., Абылай хан даңғылы, үй 141	(727) 272-47-60	Алматы қ., Абылай хан даңғылы, үй 141	
9	"Евразиялық қаржы қызметі" ЖШС	Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 63/92	(727) 273-64-56, 273-64-44	Алматы қ., Әйтеке би к-сі, 63/92	Шарт мерзімінің аяқталуына байланысты

11. Эмитенттің корпоративтік басқару кодексін қабылдаған күні (егер оны қабылдау қоғамның жарғысымен қарастырылған болса)

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ корпоративтік басқару кодексі «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» АҚ 2008 жылғы 16 мамырындағы Акционерлердің жалпы жиналысы шешімімен бекітілді.

2 бөлім. Эмитенттің басқару органдары.

12. Басқару органдарының құрылымы.

Қоғам органдары:

1) жоғарғы орган - Акционерлерінің жалпы жиналысы;

Акционерлерінің жалпы жиналысы құзыретіне төмендегі көрсетілген мәселелер кіреді:

1. Қоғам Жарғысына қосымшалар мен өзгерістер ендіру немесе жаңа редакцияда бекіту;
2. Қоғамды өз еркімен қайта құру немесе тарату;
3. Қоғамның хабарландырылған акциялары санының өсуі туралы шешім қабылдау немесе Қоғамның орналастырылмаған хабарландырылған акциялары түрінің өзгеруі;
4. Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
5. Орналастырылған бір акция түрін басқа акция түріне ауыстыру туралы шешім қабылдау, осындай ауыстырулардың шарттары мен талаптарын белгілеу;
6. Қоғамның есеп комиссиясының өкілеттілігінің мерзімі, сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
7. сандық құрамын анықтау, директорлар кеңесі өкілеттілігінің мерзімі, оның мүшелерін сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы төлеу шарттары мен мөлшерін анықтау, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшерлері мен талаптарын белгілеу, сондай-ақ Қоғамның Директорлар Кеңесі туралы ережені бекіту және оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
8. Қоғам аудитін іске асыратын аудиторлық ұйымдарды анықтау;
9. жылдық қаржы есебін бекіту;
10. есептік қаржы жылы үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акция бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір ғана жай акциясы есебімен жыл қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерін бекіту;
11. Қоғам акциясы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
12. қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
13. Қоғамға тиесілі барлық активтерден жиырма бес пайызды немесе одан да көп пайызды құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру жолымен басқа заңдық тұлғалардың қызметіне немесе құруға Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
14. акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғам акционерлерін хабарлау түрін анықтау және мұндай ақпараттарды жалпы ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
15. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес Қоғаммен оларды сатып алу кезіндегі акциялар құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемесіне өзгерістерді бекіту);
16. акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

17. Қоғам қызметі туралы ақпараттарды акционерлерге ұсыну тәртібін анықтау, егер мұндай тәртіп Қоғам жарғысымен анықталмаған болса;
18. «алтын акцияны» енгізу және жою;
19. Қоғамның корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
20. қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
21. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңы және Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына жатқызылған басқа мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау;

2) Басқару органы – Директорлар кеңесі.

Директорлар Кеңесінің ерекше құзырына төмендегі көрсетілген мәселелер қатысты:

1. Қоғам қызметінің басымдық бағыттарын анықтауопределение приоритетных направлений деятельности Общества и стратегии развития Общества или утверждение плана развития Общества в случаях, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан;
2. Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының жылдық және кезектен тыс шақырылуы туралы шешім қабылдау;
3. орналастыру (сату) туралы, соның ішінде хабарландырылған акциялардың саны шегінде орналастырылған (сатылатын) акциялардың саны, тәсілі және оларды орналастыру (сату) бағасы туралы шешімдер қабылдау;
4. орналастырылған акцияларды Қоғаммен өтеп алу немесе басқа құнды қағаздар және өтеп алу бағасы туралы шешімдер қабылдау;
5. Қоғамның жылдық қаржы есебін алдын ала бекіту;
6. Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
7. Қоғамның жалпы штат санын, оның ішінде орталық аппарат, оның филиалдары, Қоғам өкілдігін бекіту;
8. Қоғамның облигациялар және өндірістік бағалы қағаздар шығарылымы талаптарын анықтау;
9. құрам саны, Басқарма құзыретінің мерзімі, оның Төрағасы мен мүшелерін анықтау, сонымен қатар оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;
10. лауазымдық (жеке) айлығының мөлшерін, еңбекке ақы төлеу шарттары мен Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшерін анықтау;
11. Ішкі аудит қызметінің өкілеттік мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмысы тәртібін, мөлшері мен еңбекақы төлеу шарттары, және ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне сыйлық ақы төлеуді анықтау;
12. Қоғамның Ішкі аудит қызметі жұмыстарының есебін бекіту;
13. корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшыға лауазымдық жалақы мөлшерін және сыйлық ақы төлеуді анықтау;
14. аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
15. Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
16. қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру мен жабу туралы шешім қабылдау және олардың ережелерін бекіту;
17. Қоғаммен басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешім қабылдау;

18. Акционерлердің жалпы жиналысы құзыретіне қатысты акцияларының он және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлғалардың қызметі мәселелері бойынша шешім қабылдау;
19. Қоғам міндетін оның меншік капиталының мөлшері 10 (он) және одан да көп пайызды құрайтын деңгейге ұлғайту;
20. қызметтік, коммерциялық немесе басқа заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Қоғам және оның қызметі туралы ақпараттарды анықтау;
21. Қоғам мүддесіне сай келетін мәмле және ірі мәмлелер жасау туралы шешімдер қабылдау;
22. ішкі аудит қызметінің ережесін, ішкі аудит стандарттарын, есеп беру түрлерін және ішкі аудит қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту;
23. Қоғамның бухгалтерлік есеп саясатын анықтау;
24. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызмет жоспарын және оларды орындау туралы есеп берулерді бекіту;
25. Қоғам спрэді мәнінің өзгергені туралы шешім қабылдау;
26. Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының ерекше құзырына қатысы жоқ Жарғы мен Қазақстан Республикасы заң актілерінде қарастырылған басқа да мәселелер.

1) алқалы атқарушы орган – Басқарма.

Басқарма құзырына мына мәселелер жатады:

1. Қоғамның жедел қызметтерін басқаруды іске асыру, Қоғамның Директорлар Кеңесі мен акционер шешімін орындауды қамтамасыз ету;
2. Қоғамның Директорлар Кеңесі қарауына қызметтің басыңқы бағыттарын, Қоғам қызметінің орташа мерзімдік даму жоспарын ендіру;
3. Компания құрылымындағы өзара қатынас тәртібін реттейтін Қоғам қызметін ұйымдастырумен байланысты, бекіту акционер мен Қазақстан Республикасы заңдарымен Қоғамның директорлар кеңесі және Жарғының құзырына жататын құжаттардан басқа, олардың құзырын анықтайтын ішкі құжаттарды қабылдау;
4. жылдық қаржы есеп берулерді дайындау;
5. Қоғамның, соның ішінде орталық аппарат, филиалдарының, Қоғам өкілдіктерінің құрылымы мен жалпы штат санын бекіту;
6. еңбекке ақы төлеу жүйесі, қызметтік ақы мөлшерін, үстеме ақы, бонус және басқа төлемдерді анықтау, Қоғам Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің, сонымен қатар ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің сыйақы және еңбек шарттарын, айлық мөлшерін анықтауды қоспағанда, Қоғам ұжымын өндірістік және әлеуметтік дамыту, Қоғам қызметкерлеріне материалдық ынталандыру, сыйақы төлеу мәселелерін шешу.
7. Қоғам қызметінің даму жоспарын әзірлеу және оның орындалғаны туралы есепті іске асыру;
8. Қоғам қызметкерлерінің жұмыс күнінің ұзақтығын жұмыс аптасын, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын және басқа демалыстарды ұсыну тәртібін анықтау;
9. Қоғамның бухгалтерлік есеп саясатын Қоғамның Директорлар Кеңесі қарауына ендіру, мақұлдау, қарау;
10. Қоғамның даму жоспарымен бекітілген сома шегінде Қоғам бюджетін бекіту;
11. Қоғамның несие комитетін құру туралы шешім қабылдау;
12. ай сайын бағасы белгіленген ставканы бекіту;
13. Қоғам спрэді мәнінің өзгергені туралы алдын ала шешім қабылдау;
14. Қоғамның Акционері және Директорлар кеңесінің ерекше құзырына қатысы жоқ, Жарғы мен Қазақстан Республикасы заң актілерінде қарастырылған басқа да қызметтер.

4) Қаржы-шаруашылық қызметін қадағалауды іске асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

Ішкі аудит қызметінің құзыретіне оның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасау, атқару органдарының және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің операциялары мен әрекеттері кіреді.

13. Эмитенттің директорлар кеңесі мүшелері.

«Эмитенттің Директорлар кеңесі 6 (алты) Директорлар кеңесі мүшесінен және оның төрағасынан тұрады, олар дауыс берер кезде бір дауысқа ие болады.

2013 жылғы 01 маусымдағы жағдай бойынша ақпарат

Директорлар Кеңесі мүшелерінің аты-жөні, туылған жылы және ол тұлғалардың, соның ішінде директорлар кеңесі төрағасының эмитент лауазымын атқара бастаған күні	Эмитент директорлар кеңесі мүшелерінің соңғы үш жылдағы және қазіргі уақыттағы атқарған қызметі хронологиялық тәртіп бойынша, соның ішінде қоса атқаратын қызметі	Эмитенттің директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің оның жарғылық капиталына (акцияларына / үлесіне) қатысуы;	Эмитенттің директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің қатысу үлесін көрсете отырып және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының жарғылық капиталына қатысуы;
Эмитенттің Директорлар Кеңесінің Төрағасы:			
<p>Тихонюк Николай Петрович 1949 жылы туылған, 22.06.2012ж. сайланған.</p>	<p>2009 жылдың шілдесінен бастап осы уақытқа дейін – ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының орынбасары;</p> <p>2006 жылдың 09 қазанынан бастап 2010 жылдың 02 желтоқсанына дейін – «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</p> <p>2012 жылдың 18 мамырынан - «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі.</p>	0	0
Эмитенттің Директорлар Кеңесінің мүшелері:			
<p>Ибадуллаев Азамат Амалұлы 1974 жылы туылған, 10.02.2006 ж. сайланған.</p>	<p>2006 жылдың 20 ақпанынан бастап осы уақытқа дейін – «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарма Төрағасы.</p>	0	0
<p>Кадюков Николай Викторович 1959 жылы туылған, 10.02.2006 ж. сайланған.</p>	<p>1999 жылдың желтоқсанынан бастап осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары.</p>	0	0
<p>Даленов Руслан Ерболатович, 1975 жылы туылған, 29.06.2012ж. сайланған</p>	<p>2008 жылдың наурызынан бастап осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі.</p>	0	0
Тәуелсіз директорлар:			
<p>Исаев Аджимурат Алыбалаевич 1956 жылы туылған, 03.10.2008ж.</p>	<p>1988 жылдың тамызынан бастап осы уақытқа дейін Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде криминалистика және соттық сараптау кафедрасының меңгерушісі.</p>	0	0

сайланған.			
Кусаинов Казбек Кайнарбекович 1981 жылы туылған, 30.07.2010ж. сайланған.	2005 жылдың мамырынан бастап осы уақытқа дейін - «Man&Sat Exploracion» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары; 2010 жылдың 07 қыркүйегінен бастап «Отан» АЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры.	0	0

Өткен екі жыл ішінде Директорлар Кеңесінің құрамында төмендегідей өзгертулер енгізілді:

1. 2012 жылғы 02 қаршадағы жалпы акционерлердің кезектен тыс жиналысының шешіміне сәйкес (№3 хаттама):

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі **Р.К Хусаиновтың** уәкілеттігі 2012 жылғы 11 қыркүйектен бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды.

2. 2012 жылғы 29 мауымыдағы жалпы акционерлердің кезектен тыс жиналысының шешіміне сәйкес (№2 хаттама):

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі **Д.Е.Ергожиннің** уәкілеттігі 2012 жылғы 11 маусымнан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды. **Даленов Р.Е.** «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі болып сайланды.

3. Директорлар Кеңесінің 2012 жылғы 22 маусымдағы шешіміне сәйкес (Хаттама №8):

Тихонюк Н.П. «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар Кеңесінің Төрағасы болып сайланды.

4. 2012 жылғы 18 мамырдағы жалпы акционерлердің жылдық жиналысының шешіміне сәйкес (Хаттама №1):

Тихонюк Н.П. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі атынан «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Хусаинов Р.К. «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі болып сайланды, тәуелсіз директор.

5. 2011 жылғы 06 мамырдағы жалпы акционерлердің жылдық жиналысының шешіміне сәйкес (Хаттама №1):

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшелері Н.П Тихонюктің, 2010 жылғы 03 желтоқсаннан бастап және К.М. Айтекеновтің, 2010 жылғы 06 қыркүйектен бастап уәкілеттілігі аяқталды;

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар Кеңесінің құрамы қайта бекітілді:

Д.Е. Ергожин – «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар Кеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің өкілі;

Н.В. Кадюков– «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің өкілі;

А.А. Исаев– «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;

К.К. Кусаинов– «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;

А.А. Ибадуллаев– «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі, «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарма Төрағасы;

13-1. Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері (мұндай болған жағдайда).

Компанияның Директорлар кеңесі құрамында мынадай Комитеттер құрылды:

2013 жылғы 01 маусымдағы жағдай бойынша ақпарат

Комитет атулары	Құзыреттері	Құрамы
------------------------	--------------------	---------------

<p>Сыйақы жөніндегі комитет</p>	<p>Сыйақы жөніндегі Комитеттің құзыретіне мына мәселелер кіреді :</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Директорлардың, Басқарма мүшелерінің, Корпоративтік хатшының және Ішкі аудит қызметінің сыйақы көлемін өзгерту бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныс жасауды енгізу; 2) Көрсетілген тұлғалардың өкілеттігі тез арада тоқтатылған жағдайда Директорлар мен Басқарма мүшелеріне төленетін сомаларды оңтайландыру бойынша шараларды әзірлеу; 3) ұқсас қазақстандық және шетелдік компаниядағы қызмет түрі мен көлеміне қарай Директорлардың, Басқарма мүшелерінің, Корпоративтік хатшы мен Ішкі аудит қызметінің сыйақы саясаты мен деңгейіне салыстырмалы талдау жүргізу; 4) Директорлар кеңесінің және/немесе Компанияның ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес өз құзыреті шегінде басқа мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне нұсқау беру; 5) Жарты жылдық және жылдық қорытынды бойынша Сыйлық ақы жөнінде Комитет жұмысы туралы Директорлар кеңесіне есеп ұсыну. 	<p>Төраға – Құсайнов Қазбек Қайнарбекұлы, 1981ж.т., аталған лауазымды 01.03.2013 жылдан бастап атқарады; комитет мүшелері – Исаев Аджимұрат Әлібалаұлы, 1956 ж.т., аталған лауазымды 24.07.2012 жылдан бастап атқарады;</p>
<p>Аудит жөніндегі Комитет</p>	<p>Аудит жөніндегі Комитет қызырына мына мәселелер кіреді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Компанияның жылдық қаржы есебін жасау үдерісі бойынша қадағалауды іске асыру және Директорлар кеңесіне осы жұмыс нәтижесі туралы ақпарат беру, қаржы есебінің жобаларын, қаржы жағдайы туралы есебін және Компанияның қызметі нәтижесін, есеп саясатының қабылдауды талдау, қолданыстағы бағалаудың негізділігі мен қаржы есебіне түсініктеменің анықтығын қарау; 2) Есепті және ішкі және сыртқы аудиторлық тексерулердің нәтижелерін Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңдарына, халықаралық қаржы есебі стандарттарына және ұйымның құқықтық және әдістемелік негізіне, бухгалтерлік есепті жүргізуіне талдауды жүргізу, сонымен қатар Компанияның есеп жасау жүйесін жетілдіру бойынша директорлар кеңесіне нұсқау әзірлеу; 3) Компанияның тиісті қызметі аралығында ішкі бақылау үрдісінің бұзылуы және тәуекелдікті басқару, оларды жою жолдары мен әдістері туралы қорытындыны Директорлар кеңесі отырысында қарау үшін ұсыну; 4) Компанияда қолданылатын ішкі бақылау 	<p>Төраға – Исаев Аджимұрат Әлібалаұлы, 1956 ж.т., аталған лауазымды 24.07.2012 жылдан бастап атқарады; комитет мүшелері – Кадюков Николай Викторович, 1959 ж.т., аталған лауазымды 24.07.2012 жылдан бастап атқарады. Ибадуллаев Азамат Амалұлы, 1974 жылы туылған аталған лауазымды 24.07.2012 жылдан бастап</p>

	<p>мен Компания тәуекелдіктерін басқару рәсімдерінің тиімділігін бағалау, осы көрсетілген рәсімдерді жетілдіру бойынша ұсыныстарды Директорлар кеңесіне ұсыну;</p> <p>5) Сыртқы аудиторлармен шарттарды тағайындау және бұзу, олардың жұмыс жоспары мен қызметіне төлеу, қаржы есебі мәселелері бойынша Компания мен аудиторлар арасында болатын келіспеушіліктерді қоса алғанда, олардың қызметін қадағалауды іске асыру мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныс дайындау;</p> <p>6) Директорлар кеңесіне Компанияның сыртқы аудиторының қызмет көрсету көлеміне қарай сыйақы мөлшері туралы ұсыныс дайындау;</p> <p>7) Аудит жүргізу барысындағы қиындықтар мен басшылықпен келіспеушілік қиындықтары және барлық мәселелерді талқылау мақсатында сыртқы аудитпен кездесу өткізу;</p> <p>8) Компанияның Акционерлерінің жалпы жиналысына (аудит бойынша Комитетпен дайындалған Компания аудиторының қорытынды бағасы, Директорлар кеңесіне ұсынылады) қорытындыны ұсынуға дейін Компанияның сыртқы аудиторының қорытындысын бағалауды іске асыру мен Компания менеджментінің оған дайындаған жауаптарын талдау;</p> <p>9) Ішкі аудит қызметі жұмысын бағыттауды іске асыру;</p> <p>10) Компанияның Ішкі аудит қызметінің оның жұмыс қорытындылары бойынша есептерін қарау;</p> <p>11) Директорлар кеңесінің сұранысы бойынша немесе өз құзыреті аясында жеке мәселелер бойынша өз бастамашылығымен қорытынды дайындау, сонымен қатар жылдық аудит бойынша Комитет жұмысы туралы Директорлар кеңесі қарауына жыл сайын ұсыну.</p>	атқарады.
<p>Тағайындау жөніндегі комитет</p>	<p>Тағайындау жөніндегі комитетінің құзырына мына мәселелер кіреді:</p> <p>1) Тәуелсіз директорлыққа, Басқарма құрамына (Басқарма төрағасын қоспағанда) Ішкі аудит қызметінің басшысы және Корпоративтік хатшы лауазымдарына кандидаттар үшін біліктілік талаптарын дайындау;</p> <p>2) Ішкі аудит қызметінің басшысымен әзірленіп, ұсынылған Ішкі аудит қызметі құрамына кандидаттар үшін біліктілік</p>	<p>Төраға - Тихонюк Николай Петрович, 1949 ж.т. аталған лауазымды 24.07.2012 жылдан бастап атқарады. комитет</p>

	<p>талаптарына ұсыныстарды дайындау және қарау;</p> <p>3) Тәуелсіз директорлыққа, Басқарма құрамына (Басқарма төрағасын қоспағанда) Ішкі аудит қызметінің басшысы және Корпоративтік хатшы лауазымдарына кандидаттар бойынша ұсыныс;</p> <p>4) Директорлар кеңесіне және Компания Басқармасы, Комитеттерге мүшелікке қабылдау, Ішкі аудит қызметінің басшысын және Корпоративтік хатшыны жоспарлау саясатын әзірлеу;</p> <p>5) Компанияның Директорлар кеңесіне тағайындау бойынша Комитет жұмысы бойынша жылына бір рет есеп ұсыну;</p> <p>6) Директорлар кеңесі және/немесе Компанияның ішкі құжаттары ережелеріне сәйкес өз құзыры шегінде Компанияның Директорлар кеңесіне басқа мәселелер бойынша ұсыныс беру.</p>	<p>мүшелері – Кадюков Николай Викторович, 1959 ж.т. аталған лауазымды 24.07.2012 жылдан бастап атқарады және Құсайнов Қазбек Қайнарбекұлы, 1981ж.т. аталған лауазымды 24.07.2012 жылдан бастап атқарады.</p>
--	---	--

13-2. Ішкі аудит қызметі (бар болса).

2013 жылғы 01 маусымдағы жағдай бойынша ақпарат

Ішкі аудит қызметі мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы	Лауазымды атқара бастаған мерзімі
Ширдабаев Гайдар Тилеубаевич 1974 жылы туылған	23.04.2012 ж. бастап – «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Ішкі аудит қызметінің бастығы;

14. Эмитенттің атқарушы органы.

«Эмитенттің алқалық атқарушы органы Басқарма болып саналады және ол 6 адамнан құрылған:

2013 жылғы 01 маусымдағы жағдай бойынша ақпарат

Эмитенттің алқалық атқарушы органының кез келген мүшесінің аты- жөні, туған жылы	Эмитенттің алқалық атқарушы орган мүшелерінің соңғы үш жылда атқарған және қазіргі уақытта атқаратын қызметтері, соның ішінде қоса атқаратын қызметтері мен сол қызметтерді атқара бастаған күні	Эмитенттің алқалық атқарушы органының әрбір мүшелерінің оның төленген жарғылық капиталы мен ұйымдарына, олардың үлестері көрсетіліп, қатысуы
Басқарма төрағасы:		
Ибадуллаев Азамат Аамалұлы 1974 ж.т.	2006 жылдың ақпанынан бастап осы уақытқа дейін – «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарма Төрағасы	0
Басқарма мүшелері:		

<p>Досмухаметов Болат Сейлханович 1974 ж.т.</p>	<p>2009 жылдың желтоқсанынан 2010 жылдың сәуіріне дейін - «Қазақстан HSBC Банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының кеңесшісі, проблемалық қарыздармен жұмыс жөніндегі Департаментінің директоры; 11.07.2008 ж. бастап –АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі, ДК аудиті бойынша Комитет Төрағасы; 15.04.2010 ж. осы уақытқа дейін – «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.</p>	<p>0</p>
<p>Жумабеков Сержан Лесбекович 1979 ж.т.</p>	<p>2008 жылғы 28 қарашадан бастап «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Аппарат басшысы болды. 30.09.2011 жылдан бастап - «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.</p>	<p>0</p>
<p>Касымов Атоуллохон Хабибуллоевич 1984 г.р.</p>	<p>2009 жылдың маусымынан бастап 2010 жылғы желтоқсанға дейін «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Корпоративтік қаржы Департаментінің бас менеджері; 2010 жылғы желтоқсанның бастап 2011 жылғы тамыз айына дейін «БТА Банк» АҚ Басқарушы директоры; 2011 жылғы тамыздан бастап 2012 жылғы қыркүйекке дейін сентябрь 2012 года - «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Корпоративтік қаржы Департаментінің директоры; 2012 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары;</p>	<p>0</p>
<p>Сыздықов Еркін Сатыбалдыевич 1979 г.р.</p>	<p>2009 жылғы 10 сәуірден бастап 2012 жылғы 06 қыркүйекке дейін Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Заң басқармасының бастығы; 2012 жылғы 07 қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарушы директоры; 2012 жылғы 27 қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.</p>	<p>0</p>
<p>Сагимкулова Белла Дон-Ировна 1973 г.р.</p>	<p>2008 жылдан бастап 2010 жылғы 22 қыркүйекке дейін Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Бас бухгалтері – Бухгалтерлік есеп басқармасының бастығы; 2010 жылғы 23 қыркүйектен бастап, 2013 жылғы 12 ақпанға дейін Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Бас бухгалтері; 2013 жылғы 13 ақпандан бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарушы директоры; 2013 01 наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.</p>	<p>0</p>

Эмитенттің алқалық атқарушы органының әрбір мүшелерінің өкілеттігі:

Компанияның Басқарма мүшелері өз міндеттемелерін Компания Жарғысына, Басқарма туралы Ережеге, міндеттемелерді бөлу туралы Компанияның актілеріне, лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес орындайды.

Қоғамның Басқармасы Заңнамамен, Қазақстан Республикасының басқа заңнама актілерімен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне ендірілмеген Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқығы бар. Қоғамның Басқармасы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауы тиіс.

Қазақстан Республикасының заң актілері және осы Жарғы акционерлердің жалпы жиналысының, Қоғамның Директорлар Кеңесі мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдау Қоғам Басқармасының құзыретіне жатады, соның ішінде:

1. Қоғамның күнделікті әрекетіне басшылық жүргізу, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;
2. Қоғам қызметінің басым бағыттары, қаржы-шаруашылық қызметінің орташа мерзімді жоспарлары туралы Қоғамның Директорлар Кеңесі қарауына енгізу;
3. Қоғам қызметін ұйымдастырумен байланысты Қоғам бөлімшелерінің өзара тәртібін реттейтін, сондай-ақ олардың құзыреттілігін анықтайтын Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғы арқылы бекітілуін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы және (немесе) Директорлар Кеңесінің құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағандағы, ішкі құжаттарды қабылдау;
4. жылдық қаржы есебін дайындау;
5. Қоғамның, соның ішінде орталық аппараттың, оның филиалдары мен өкілдіктерінің құрылымын бекіту;
6. Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің, сондай-ақ ішкі аудит қызметі қызметкерлері айлықтарының мөлшерін, еңбекақысы мен сыйақысын төлеу шарттарын анықтауды қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін анықтау, лауазымдық айлықақыларының, айлықақыларына дербес үстемеақы, бонус, басқа да төлемдердің мөлшерін белгілеу, сыйлықақы беру, рухани және материалды ынталандыру, Қоғам ұжымының өндірістік және әлеуметтік даму мәселелерін шешу.
7. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі жоспарларын және орындалғандығы туралы есептерді әзірлеу;
8. жұмыс күні мен жұмыс аптасының ұзақтығын, Қоғам қызметкерлеріне берілетін төленетін жылдық және басқа да демалыстардың ұзақтығын және берілу тәртібін анықтау;
9. Қоғамның бухгалтерлік есеп-қисап саясатын қарастыру, қабылдау және Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына ұсыну;
10. қаржы-шаруашылық қызметі жоспарындағы бекітілген сомалар шеңберінде Қоғамның бюджетін бекіту;
11. Қоғамның несиелік комитетін құру (қалыптастыру) туралы шешім қабылдау;
12. Қоғамның несиелік комитеті туралы Ережені бекіту;
13. Қоғамның спрэд мәнінің өзгеруі туралы алдын ала шешім қабылдау;
14. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесінің айрықша құзыреттілігіне жатқызылмаған басқа да қызметтерді орындау.

А.А. Ибадуллаев – Қоғамның Басқарма Төрағасы:

- 1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) Компанияның Директорлар кеңесіне Басқарма мүшелерін сайлау үшін кандидатураларды бекітуге ұсынады;
- 3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

- 4) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғамды көрсету құқығына сенімхат, сонымен бірге Қоғаммен жасалатын шарттарға және Қоғам қызметкерлеріне және үшінші тұлғаларға берілетін сенімхаттарға қол қою құқығына сенімхат береді;
- 5) Қоғам қызметкерлерін (Қоғам Басқармасының мүшесі болып табылатын қызметкерлерді қоспағанда) жұмысқа қабылдайды, басқа қызметке ауыстырады және жұмыстан босатады, оларға мадақтау шараларын және тәртіп жаза қолданады, еңбекті материалды ынталандыру мақсатымен Қоғам қызметкерлерінің, Қоғам Басқармасының құрамына кіретін мүшелердің, және Қоғамның ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін қоспағанда, айлықтарына үстеме ақы, бонус, сыйлықақыларының және басқа да төлемдердің мөлшерін анықтау;
- 6) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін орындауды Қоғам Басқармасының бір мүшесіне тапсырады;
- 7) Қоғам басшыларының арасында, сонымен қатар Қоғам Басқармасының мүшелерінің, басқарушы директорлардың, аппарат басшысы, Қоғамның бас бухгалтерінің міндеттерін, сондай-ақ өкілеттік және жауапкершілік салаларын бөліп береді;
- 8) Қоғамның ішкі аудит қызметкерлері мен Басқарма мүшелеріне Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен лауазымдық жалақы мөлшері есебімен, Қоғамның, соның ішінде орталық аппараттың, оның филиалдарының, Қоғам өкілдіктерінің штат кестесін бекітеді;
- 9) жемқорлықпен күрес бойынша жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмыс үшін жауап береді;
- 10) Қоғам Жарғысымен, Жалпы акционерлер жиналысының шешімімен және Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленген басқа да қызметтерді атқарады;
- 11) Басқарма Төрағасы жоқ болған жағдайда Басқарма Төрағасының орынбасары Басқарма Төрағасының бұйрығының немесе Басқарма шешімінің негізінде оның орнын ауыстырады.

Б.С.Досмухаметов - Басқарма Төрағасының орынбасары. Басқарма Төрағасының бұйрығына сәйкес Тәуекелдік менеджмент басқармасы, Кепілмен қамтамасыз ету және мониторинг басқармасы, («Бірлескен Төлемдер жүйесі» ЖШС) еншілес ұйымының және («Қазақстан Тұрғын –үй Құрылыс Корпорациясы» АҚ) тәуелді ұйымының қызметін үйлестіреді.

Б.С.Досмухаметовке- «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары төмендегідей құқықтар берілген:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қарастырылған, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының нормаларын қолданбай таңдап алынған тәсілдер бойынша өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша Компаниямен жасалынған шарттарға қол қою, оларға жасалынған қосымшалар мен толықтыруларға, баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен мемлекеттік сатып алу нәтижелерінің қорытындыларын бекіту туралы шешімдерге, көрсетілген қызметтер, тауарлар, жұмыстар бойынша тапсырылған-өткізілген актілерге, көрсетілген қызметтер, тауарлар, жұмыстар бойынша есептерге, міндеттемелер мен өзара орнын алмастыру бойынша басқа да жеткізілген тауарлар, көрсетілген қызметтер, жұмыстар туралы құжаттарға қол қою құқығы берілсін;
- 2) Компания қызметтері шеңберінде жасасқан басқа шарттар мен оның қосымшаларына, қосымша келісімдеріне қол қоюға (жасауға), сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес осы тапсырмаларға байланысты басқа барлық әрекеттерді жасау;
- 3) Бөлінген міндеттемелерге байланысты Компания қызметінің мәселелері бойынша азаматтардың жолдаған үндеулері жөніндегі мемлекеттік органдар мен басқа да органдарға жіберілетін шығыс хат хабарларына қол қою;
- 4) Қаржылық құжаттарға қол қою кезінде бірінші болып қол қою құқығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес аталған тапсырмаға байланысты барлық әрекеттерді жүзеге асыру (өзара орнын алмастыру бойынша);

С.Л.Жумабековке - Басқарма Төрағасының орынбасары. Басқарма Төрағасының бұйрығына сәйкес Несие беру басқармасы, Несие беруді басқару басқармасы, Компанияның Астана қаласындағы және Компанияның аймақтық өкілдіктерінің қызметін үйлестіреді.

С.Л.Жумабековке - «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары төмендегідей құқықтар берілген:

- 1) Компания атынан жасалынатын банк қарыз шарттарына және ипотекалық шарттарына (жасалынған) және олардың қосымшалары мен қосымша келісімдеріне қол қоюға;
- 2) талаптар құқығын беру шарттары (цессия) және оның қосымша келісімдеріне. Ипотекалық қарыздар бойынша талаптар құқығын сатып алу өкімдеріне қол қою;
- 3) ипотекалық қарыздардың талап құқықтарын сатып алу өкімдеріне қол қоюға;
- 4) ипотекалық қарыздарды беру өкімдеріне қол қою.
- 5) бас келісімдер, ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша талаптар құқығын сенімгерлікпен басқару шарттары, оның қосымша келісімдері, сонымен қатар банк –серіктестермен ынтымақтастық аясындағы басқа құжаттарға қол қою;
- 6) андеррайтингтік шарттар, келісімдер және оның қосымша келісімдері, сонымен қатар банк – серіктестермен ынтымақтастық аясындағы басқа құжаттарға қол қою;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қарастырылған, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының нормаларын қолданбай таңдап алынған тәсілдер бойынша өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша Компаниямен жасалынған шарттарға қол қою, оларға жасалынған қосымшалар мен толықтыруларға, баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен мемлекеттік сатып алу нәтижелерінің қорытындыларын бекіту туралы шешімдерге, көрсетілген қызметтер, тауарлар, жұмыстар бойынша тапсырылған-өткізілген актілерге, көрсетілген қызметтер, тауарлар, жұмыстар бойынша есептерге, міндеттемелер мен өзара орнын алмастыру бойынша басқа да жеткізілген тауарлар, көрсетілген қызметтер, жұмыстар туралы құжаттарға қол қою құқығы берілсін;
- 8) Компания қызметтері шеңберінде жасасқан басқа шарттар мен оның қосымшаларына, қосымша келісімдеріне, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес осы тапсырмаларға байланысты басқа барлық әрекеттерді жасау құқығы берілсін;
- 9) ипотека нысанынан ауыртпалықтарды алып тастау туралы хаттарға (кепілдің аяқталғандығы туралы), ипотекалық несие беру аясындағы кепілдік хаттарға (міндеттемелерге) қол қою;
- 10) Әділет органдарында және «Тұрғындарға қызмет көрсету орталығына» ипотека нысанынан ауыртпалықтарды Компания атынан алып тастайтын тұлғаларға сенімхаттарды беру, орлардың күшін жою туралы құжаттарға қол қою;
- 11) Бөлінген міндеттемелерге байланысты Компания қызметінің мәселелері бойынша азаматтардың жолдаған үндеулері жөніндегі мемлекеттік органдар мен басқа да органдарға жіберілетін шығыс хат хабарларына қол қою;
- 12) Қаржылық құжаттарға қол қою кезінде бірінші болып қол қою құқығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес аталған тапсырмаға байланысты барлық әрекеттерді жүзеге асыру (өзара орын алмастыру бойынша) құқығы берілсін;

А.Касымовқа- Басқарма Төрағасының орынбасары. Басқарма Төрағасының бұйрығына сәйкес Қазынашылық басқармасы, Талдау және Әдіснама басқармасының қызметін үйлестіру жүктелсін.

А.Касымовқа- «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары төмендегідей құқықтар берілген:

- 1) Компанияның ағымдағы депозиттік шоттарын ашу және жабу, тиісті құжаттар, шарттарға қол қою;
- 2) облигацияларды, бағалы қағаздарды сатып алу –сату шарттарына, банк салым шарттары, брокерлік, маркет-мейкерлік қызмет көрсетулер туралы шарттарына қол қою;
- 3) брокерлік, маркет-мейкер қызмет көрсетулер туралы шарттары, андерайтерлік шарттар мен келісімдер аясында бұйрықтар мен клиенттік тапсырыстарға қол қою;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қарастырылған, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының нормаларын қолданбай таңдап алынған тәсілдер бойынша өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша

Компаниямен жасалынған шаттарға қол қою, оларға жасалынған қосымшалар мен толықтыруларға, баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен мемлекеттік сатып алу нәтижелерінің қорытындыларын бекіту туралы шешімдерге, көрсетілген қызметтер, тауарлар, жұмыстар бойынша тапсырылған-өткізілген актілерге, көрсетілген қызметтер, тауарлар, жұмыстар бойынша есептерге, міндеттемелер мен өзара орнын алмастыру бойынша басқа да жеткізілген тауарлар, көрсетілген қызметтер, жұмыстар туралы құжаттарға қол қою құқығы берілсін;

- 5) андеррайтингтік шарттарына, оның қосымша келісімдері мен қосымшаларына қол қою;
- 6) Компания қызметтері шеңберінде жасасқан басқа шарттар мен оның қосымшаларына, қосымша келісімдеріне, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес осы тапсырмаларға байланысты басқа барлық әрекеттерді жасау құқығы берілсін;
- 7) Облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметін көрсету туралы шарттарына (отыру) қол қою;
- 8) Бөлінген міндеттемелерге байланысты Компания қызметінің мәселелері бойынша азаматтардың жолдаған үндеулері жөніндегі мемлекеттік органдар мен басқа да органдарға жіберілетін шығыс хат хабарларына қол қою;
- 9) Қаржылық құжаттарға қол қою кезінде бірінші болып қол қою құқығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес аталған тапсырмаға байланысты барлық әрекеттерді жүзеге асыру (өзара орын алмастыру бойынша) құқығы берілсін;

Е.С.Сыздықовқа- «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі. Басқарма Төрағасының бұйрығына сәйкес Заң басқармасы, Проблемалық қарыздармен жұмыс жөніндегі басқарма қызметін үйлестіреді.

Е.С.Сыздықовқа- «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесіне төмендегідей құқықтар берілген:

- 1) Компания қызметі бойынша соттарға, мемлекеттік және құқық қорғау органдарына жіберілетін өтініштерге қол қою;
- 2) Компания мүддесін соттарда, мемлекеттік және құқық қорғау органдарында кез келген процессуалдық әрекеттерді орындау үшін Компания атынан әрекет ететін тұлғаларға сенімхаттарды беру және шақыртып алу;
- 3) Компания мүддесін ұсыну үшін ипотека нысанынан ауыртпалықтарды Компания атынан алып тастайтын тұлғаларға сенімхаттарды беру, орлардың күшін жою туралы құжаттарға, соның ішінде банк қарыз шарттарын, ипотекалық шарттарына жасалынған қосымша келісімдерге, кепіл шартын, талап құқықтарын беру (цессия) шарттарын оларға жасалынған қосымша келісімдер мен қосымшаларын мемлекеттік тіркеу туралы шарттарына ипотекалық куәліктердің қосымшаларына қол қою;
- 4) Компания мүддесін соттарда, мемлекеттік және құқық қорғау органдарында кез келген процессуалдық әрекеттерді орындау үшін Компания атынан әрекет ететін тұлғаларға сенімхаттарды беру, оған қоса сот отырыстарына қатысу, талап арыздарға қол қою, арыздарға, өтініштерге, шағымдарға қол қою, істі аралық немесе арбитражды соттарға беру, медиация жүргізу туралы келісімге немесе медиация бойынша туындаған даулы мәселелерді реттеу туралы келісімге, шағым-талаптардан ішінара бас тарту немесе толығымен бас тарту келісімдеріне, талапты тану, талап нысанын немесе негізін ауыстыру, бейбітшілік келісімдерге отыру, басқа тұлғаға уәкілеттік беру туралы, сот және басқа мемлекеттік органдардың қаулыларын шағымдану, атқарушылық құжаттарды ұсыну және шақыртып алу, мәжбүрлеп атқару сот актілерінің талаптарына, сот атқарушысының әрекеттері (әрекетсіздіктерін) немесе шешімін шағымдану, тағайындалған мүлікті және (немесе) ақшаны алу, қаралып жатқан істер материалымен танысуға, сот отырысының хаттамаларымен танысуға, атқарушылық өндірістің материалдарымен танысуға және т.б. құқықтар берілсін;
- 5) Кепілге қойылған мүлікті сату бойынша, сенім білдірілген тұлғаны анықтау, проблемалық қарыздар бойынша іс-шараларды орындауға Компания қызметкерлеріне және Компания банк-серіктестеріне сенімхаттарды беру және (немесе) олардың күшін жою, соның ішінде, кепілге қойылған мүлікті сауда-саттықта сатуді жүргізу, қарызды мерзімінен бұрын өтеу туралы

талаптар және міндеттемелерді орындау талаптарының міндеттемелерін орындамағандығы туралы ескерту құжаттарына қол қою құқығы берілсін;

6) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қарастырылған, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының нормаларын қолданбай таңдап алынған тәсілдер бойынша өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша Компаниямен жасалынған шаттарға қол қою, оларға жасалынған қосымшалар мен толықтыруларға, баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен мемлекеттік сатып алу нәтижелерінің қорытындыларын бекіту туралы шешімдерге, көрсетілген қызметтер, тауарлар, жұмыстар бойынша тапсырылған-өткізілген актілерге, көрсетілген қызметтер, тауарлар, жұмыстар бойынша есептерге, міндеттемелер мен өзара орнын алмастыру бойынша басқа да жеткізілген тауарлар, көрсетілген қызметтер, жұмыстар туралы құжаттарға қол қою құқығы берілсін;

7) Басқарма Төрағасының, Компания Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің, Басқарушы директор, Бас бухгалтер, Басқарма Төрағасының Кеңесшісінің, Аппарат басшысының өтініштерінен басқа, Компания қызметкерлерінің демалыс алу туралы, іссапарлары туралы, оқуға жіберу туралы бұйрықтарына қол қою;

8) Қызметкерлердің есепке алу құжаттарына өзгертулер енгізу туралы бұйрықтарға қол қою;

9) Бөлінген міндеттемелерге байланысты Компания қызметінің мәселелері бойынша азаматтардың жолдаған үндеулері жөніндегі мемлекеттік органдар мен басқа да органдарға жіберілетін шығыс хат хабарларына қол қою құқығы берілсін.

Б.Д.Сагимкуловаға - «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі. Басқарма Төрағасының бұйрығына сәйкес Бухгалтерлік есеп басқармасы, Бюджетті жоспарлау басқармасы қызметін үйлестіреді.

Б.Д.Сагимкуловаға - «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесіне төмендегідей құқықтар берілген:

1) қаржылық, статистикалық, салықтық, басқарма есептеріне қол қою құқығы берілсін, атап айтқанда: (уәкілетті органдарға, соның ішінде: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі комитетке, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік пен жекешелендіру жөніндегі комитетінің, Алматы қаласындағы Статистика басқармасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне, Салық органдарына, «Қазақстан қор биржасы» АҚ және тағы басқа уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсынылатын құжаттарға) (қол қою кезінде бірінші қол қою құқығына ие);

2) борышкерлік және кредиттік берешектерді салыстыру актілері, Компания инвесторы мен сенімгерлікпен басқарушының бағалы қағаздар бойынша салыстыру актілеріне қол қою;

3) міндеттемелерді бөлуге сәйкес Компания қызметтеріне қатысты корреспонденцияларға қол қою;

4) ішкі төлем тапсырмаларына қол қою құқығы берілсін (қол қою кезіндегі бірінші қол қою құқығына ие);

5) қаржылық құжаттарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес аталған тапсырмамен байланысты барлық іс-әрекеттерді жасауға және қол қою кезіндегі бірінші қол қою құқығы берілсін;

6) бағалы қағаздарды есептен шығару және қабылдау, бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін беру туралы бұйрыққа қол қою;

7) Компанияның ипотекалық облигациялары бойынша кепіл шарттарына және оларға жасалынған қосымша келісім шарттарына қол қою (шартқа отыруға);

8) Компанияның даму жоспарына және Компанияның даму жоспарын орындау жөніндегі есептерге қол қою;

9) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қарастырылған, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының нормаларын қолданбай таңдап алынған тәсілдер бойынша өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша Компаниямен жасалынған шаттарға қол қою, оларға жасалынған қосымшалар мен толықтыруларға, баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен мемлекеттік сатып алу

нәтижелерінің қорытындыларын бекіту туралы шешімдерге, көрсетілген қызметтер, тауарлар, жұмыстар бойынша тапсырылған-өткізілген актілерге, көрсетілген қызметтер, тауарлар, жұмыстар бойынша есептерге, міндеттемелер мен өзара орнын алмастыру бойынша басқа да жеткізілген тауарлар, көрсетілген қызметтер, жұмыстар туралы құжаттарға қол қою (шартқа отыру) құқығы берілсін.

15. Бұл тармақ акционерлік қоғаммен толтырылмайды.

16. Директорлар кеңесі мүшелеріне, атқарушы орган мүшелеріне және эмитенттің басқа басқарушы тұлғаларына төленетін сыйақы.

Басқару органдары	Соңғы үш ай аралығындағы сыйақы көлемі, (2013 ж. наурыз-мамыр) мың теңгемен	Алдағы он екі ай ішінде төленуге тиісті сыйақының жобаланған жалпы көлемі, (2013 ж маусым – 2014 ж. мамыр) мың теңгемен
Директорлар кеңесі	2 280	8 112
Атқарушы орган	16 901	67 572

17. Эмитенттің ұйымдық құрылымы.

Қоғамның ұйымдық құрылымы 1-қосымшада ұсынылған.

1) эмитенттің құрылымдық бөлімшелері, филиалдары және өкілдігі;
Эмитенттің Астана қаласында өкілдігі бар:

Атауы	Тіркелген күні	Орналасқан жері	Поштаның мекенжайы
«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамының Астана қаласындағы өкілдігі	№ 3017-1901-П-о 13.04.2010жылғы.	Қазақстан Республикасы Астана қ.,	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Тұран, 18. тел. 79-90-70

Эмитенттің филиалдары жоқ.

Қоғамның Ақтөбе қаласында, Қарағанды қаласында, Қостанай қаласында, Көкшетау қаласында, Павлодар қаласында, Петропавловск қаласында, Талдықорған қаласында, Тараз қаласында, Өскемен қаласында, Шымкент қаласында, Қызылорда қаласында, Атырау қаласында аймақтық өкілдері жұмыс істейді.

2) эмитенттің жалпы қызметкерлерінің, соның ішінде филиалдар мен эмитенттің өкілдіктеріндегі қызметкерлер саны.

2013 жылғы 01 маусымдағы жағдай бойынша Директорлар кеңесі шешімімен бекітілген жалпы штат саны мен Компанияның штат кестесіне сәйкес 211 бірлікті құрайды, оның ішінде 21 бірлік – аймақтық өкілдер және 14 бірлік - Астана қаласындағы Өкілдік қызметкерлері, сонымен қатар 30 бірлік белгілі бір жұмыс түрлерін орындау үшін еңбек шарты негізінде қабылданған. 01.06.2013 жылғы жағдай бойынша нақты қызметкерлер саны – 181 қызметкер, 14 қызметкер негізгі қызметкердің орнына уақытша қабылданған, 19 қызметкер белгілі бір жұмыс түрлерін орындау үшін еңбек шарты негізінде қабылданған.

3) Эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәлімет

№ р/с	Атқаратын лауазымдары	Құрылымдық бөлімшелер басшыларының аты-жөні, туған жылдары
1.	Басқарушы директор	Бекетаев Б.Б., 1952 ж.т.
2.	Аппарат басшысы	Абдраим Б.Р., 1974 ж.т.
3.	Ішкі аудит қызметінің бастығы	Ширдабаев Г.Т. 1964 ж.т.
4.	Бас бухгалтер – басқарма бастығы	Тоқтарқожа А.Т., 1982 ж.т.
5.	Несие беру басқармасының бастығы	Коспанов А.К. – 1973 ж.т.

6.	Несие беруді басқару басқармасының бастығы	Конысбаев М.З., 1978 ж.т.
7.	Қазынашылық басқармасының бастығының м.а.	Омаров Н.К., 1981 ж.т.
8.	Заң басқармасының бастығы	Касымов А.А.1981 ж.т.
9.	Проблемалық қарыздармен жұмыс жөніндегі басқарма бастығы	Мусин М.Б., 1964 ж.т.
10.	Тәуекелдік-менеджмент басқармасының бастығы	Касекеева А.М. 1983 ж.т.
11.	Жарнама және жұртшылықпен жұмыс жүргізу басқармасының бастығы	Третьякова Е.В., 1985 ж.т.
12.	Әкімшілік басқармасының бастығы	Дементьева А.Г. 1976 ж.т.
13.	Персоналмен жұмыс және құжат айналымы басқармасының бастығы	Хабибуллаева Г.М. 1963 ж.т.
14.	Ақпараттық технологиялар басқармасының бастығы	вакансия
15.	Астана қ. Өкілдіктің директоры	Паванова А.К. 1966 ж.т.
16.	Қауіпсіздік және режим басқармасының бастығы	Сорокин С.С., 1981 ж.т.
17.	Талдау және әдіснама басқармасының бастығы	Нарботаев С.Н., 1982 ж.т.
18.	Кепілді қамтамасыз ету және мониторинг қызметінің бастығы	Туребаев М.У., 1982 ж.т.
19.	Сақтау және мұрағатау басқармасының бастығы	Арслан Ш. 1973 ж.т.
20.	Бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы	Ескалиева А.М. 1982 ж.т.

3-бөлім. Акционерлер (қатысушылар) және үлестес тұлғалар.

18. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары).

- 1) Эмитент акционерлерінің (қатысушылардың) жалпы саны (егер акционер (қатысушы) заңды тұлға болып табылатын болса, онда осы заңды тұлғаның жарғы капиталының он және одан көп пайызына ие ірі акционер көрсетіледі) және (орналастырылған және дауыс беретін акциялардың) оннан және одан да көп үлесі бар эмитенттің акционері (қатысушы) туралы ақпарат (заңды тұлғаның толық және қысқарған атауы, орналасқан жері, немесе жеке тұлғаның тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) беріледі;

Заңды тұлға акционерінің толық атауы	Акционерге тиесілі орналастырылған акциялардың % қатысы	Акционерге тиесілі дауыс беретін акциялардың % қатысы	Акциялар саны	Акционер -заңды тұлғаның орналасқан жері
«Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» Мемлекеттік мекемесі	91,3554	100,00	2 642 000	Астана қаласы, Победы, 11 даңғылы

- 2) Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдар арқылы эмитент қызметін бақылауға құқы бар тұлғалар туралы мәлімет.

Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдар арқылы эмитент қызметін бақылауға құқығы бар тұлғалар.

19. Эмитент орналастырылған акцияларының (үлестерінің) он және одан да астам пайызына ие заңды тұлғалар туралы деректер, ол заңды тұлғалардың толық

атаулары, орналасқан жері, оның жалғы капиталындағы эмитент акция (үлестерінің) пайыздық қатынасы, қызмет түрі, бірінші басшысының фамилиясы, аты-жөні.

Эмитент «Біріккен Төлемдер Жүйесі» ЖШС құрылтайшысы болып табылады. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қаласы, Қарасай батыр көшесі, 98. «Біріккен Төлемдер Жүйесі» ЖШС қатысу үлесі 100% құрайды. Оның негізгі қызметі ипотекалық және басқа ұйымдардың қызметін автоматтандыру болып табылады. Басқарма Төрағасы – Абдикаликова Анара Жолтаевна.

20. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, ассоциациялар, консорциумдар туралы ақпараттар.

Компания Қауымдастық кеңесінің 12.05.2004ж. №2 хаттамасы шешіміне сәйкес Қазақстанның Қаржыгерлер Қауымдастығының заңды тұлғалар бірлестігінің толық мүшесі болып табылады.

Компания Қазақстан Салық төлеушілері қауымдастығының мүшесі болып табылады.

21. Эмитенттің басқа үлестес тұлғалары туралы мәліметтер.

Эмитенттің басқа үлестес тұлғалары туралы мәліметтер 2-қосымшада берілген.

22. Үлестес тұлғалардың қатысуымен жасалынған мәмілелер.

Тұрғын үйлерді жөндеуге Басқарушы директор-Басқарма мүшесі Е.С. Сыздықовпен 07.11.1979 ж.т. («Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар Кеңесі шешімінен алынған көшірме үзіндісі, №1 хаттама, 01.03.2013ж) банк қарыз шарты жасалынды. Шарт бойынша мәміле сомасы 8 900 000,00 теңге.

«Біріккен Төлемдер Жүйесі» ЖШС, 050012, Алматы қаласы, Қарасай батыр көшесі, 98. 22.01.2013 ж. №31 Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалынды Мәміле сомасы 111 973 000,00 теңге. (акционерлік қоғамдар туралы Заңның 71 бабының 4 тармағы).

«Қазақстан Тұрғын үй- Құрылыс Корпорациясы» АҚ, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8, 3-кіре беріс, 22.01.2013ж. №26 Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалынды, Мәміле сомасы 741 440 000,00 теңге (акционерлік қоғамдар туралы Заңның 71 бабының 4 тармағы).

22-1. Облигацияларды арнайы қаржылық компания шығарған жағдайда секьюриттелген мәмілелердің аффириленген тараптары туралы ақпарат жарияланады, ол жерде аффириленгендікті тану негіздері мен оның туындау күні көрсетіледі.

Эмитент арнайы қаржылық компания болып табылмайды.

4 бөлім. Эмитент қызметінің сипаты

23. Эмитент қызметінің жалпы үрдістері, оның ішінде эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша қысқаша сипаты.

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы өз қызметін 2000 ж. желтоқсан айынан бастады, Қазақстандағы ипотекалық несие беру нарығын дамыту үшін қолайлы жағдайлар тудыру мақсатында құрылды. Компанияның негізгі мақсатын іске асыру меншікті борыштық міндеттемелерін шығару және қорландыру көздерін әртараптандыру есебінен, екінші деңгейдегі банктермен және мамандандырылған ипотекалық ұйымдармен берілген ұзақ мерзімді ипотекалық қарыздар бойынша талап құқықтарын сатып алу арқылы жүргізіледі.

Компания рөлі ипотекалық несие беру нарығын реттеу, оның төлем қабілеттілігін арттыру және ипотекалық несиелер бойынша мөлшерлеме деңгейін төмендету үдерісіне әсер ету, сондай-ақ Компанияның талап ету құқығын сатып алуда өз бағдарламасы бойынша ипотекалық несие беру үдерісін бір үлгіге келтіру және біріздендіру арқылы да реттеу болып табылады.

1) Эмитенттің бәсекелесі болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер;

Компанияның ипотекалық қарыздар бойынша талап құқықтарын сатып алу бойынша тікелей бәсекелестері жоқ. Аталған қызмет Қазақстан Республикасының басқа қаржы құрылымдарымен жүргізілмеді.

Тікелей несие беру нарығында барлық екінші деңгейлі банктер Компанияның бәсекелестері болып табылады, қазіргі таңда банк секторлары 39 екінші деңгейлі банктермен ұсынылады, оның ішіндегі 38-інің банктік қарыз операцияларын жүргізуге лицензиясы бар: несиені ақшалай төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарымен ұсынады.

Компаниямен жүргізілген ипотекалық нарыққа жасалынған талдауларға сәйкес шамамен 12-15 екінші деңгейлі банк ипотекалық қарыз беруді жүргізеді. сондай-ақ ипотекалық нарық 3 ипотекалық ұйымға ұсынылған, олардың 2 негізгі қызметтеріне қатысты белсенді банктік операцияларын жүзеге асырады.

Демек 14-17 несие мекемелері ипотекалық нарықтың белсенді қатысушылары болып табылады.

2) Эмитент қызметінің Қазақстан Республикасының ішіндегі салалық орташа және егер бұл мүмкін болса, әлемдік орташа көрсеткіштермен салыстырмалы сипаттамасы;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің статикалық деректеріне сәйкес 2013 жылғы 01 мамырдағы жағдай бойынша тұрғындарға ипотекалық несие беру жөніндегі ссудалық қоржыны 826 766 млн. теңге, оның ішінде: ұлттық валютада – 619 010 млн. теңге және шет ел валютасымен – 207 756 млн. теңге. Ағымдағы жылдың соңғы айларында екінші деңгейлі банктердің ссудалық қоржынында ипотекалық қарыздардың көлемін қалпына келтіру үрдістері орын алып отыр, өйткені ағымдағы жылдың басынан бастап, екінші деңгейлі банктермен азаматтарға үй салуға және тұрғын үй сатып алуға (ипотекалық несие) берілген банк қарыздарының көлемі едәуір өскендігі байқалады.

2013 жылғы 01 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның ссудалық қоржыны 51 847 737 мың теңгені (барлық нарықтың 6,3 %) құрады.

Компания қызметінің басынан бастап 2013 жылғы 01 маусымдағы жағдай бойынша 151 948 680 мың теңгеге ипотекалық несие берілген.

3) Саланың болашақтағы дамуына қатысты болжам және эмитенттің осы саладағы жағдайы.

Ағымдағы жыл бойынша макроэкономикалық көрсеткіштердің өсуі байқалады. Сонымен қатар ағымдағы жылдың басынан бастап банк секторы екінші деңгейдегі банктермен азаматтарға құрылысқа және тұрғын үйді сатып алуға берілген банк қарыздары көлемінің нақты өскендігін көрсетеді. Сонымен қатар өз қызметтерін сапалы несие қоржынымен айқындайтын екінші деңгейлі банктер бөлшектік несие берудің барлық түрлері бойынша талаптарын едәуір күшейтіп жіберді. Олардың басым көпшіліктеріне мыналар жатады: бастапқы жарнаның, қосымша кепілдің көлемін өсіру, ипотекалық қарыздың ең жоғарғы мерзімін қысқарту, ипотекалық қарыздарды алуға қажетті құжаттар пакетіне қойылатын талаптарды күшейту.

Жоғарыда нақты факторлар сұраныстарды және Қазақстанның ипотекалық нарығындағы ұсыныстарды төмендетіп отыр.

Компаниямен үнемі түрде Компанияның өнімдері бойынша ипотекалық несие беру талаптарын жетілдіру және оңтайландыру жолымен қызмет көрсету сапаларын арттыруға бағытталған іс-шаралар жүргізіліп тұрады, ол кезде тұрғындардың ипотекалық қарызға деген қол жетімділігі мен қызығушылығын арттыру мақсатында ипотекалық несие алатын әлеуетті клиенттердің тілектері мен мүмкіндіктері көп ескеріледі.

Өз кезегінде Компания ипотекалық несие беру нарығына үнемі еңгей-тегжейлі талдау мен бақылау жасайды, егер жағдай оң жағына қарай өзгертін болса, Компания өнімділік сызғышын кеңейту мүмкіндіктерін қарастырады.

Ипотекалық нарықтың сыйымдылығы ұлғаю жағына қарай өзгерген жағдайда Компания пайыздық қатынасқа шаққандағы өзінің үлесін сақтап қалу үшін және Компанияның ссудалық қоржынының көлемін ұлғайту үшін шаралар қолданады.

24. Нәтижесінде эмитенттің қызметіне елеулі түрде ықпал ететін эмитентпен жасалған келісім-шарттар, келісімдер туралы мәліметтер.

Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігімен 2012 жылғы 26 желтоқсанға дейін 12 миллиард теңге сомаға 20 жылға Несие шартына отырды № 9ФИ-А022, 26.12.2007 жылғы.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ 2017 жылғы 28 желтоқсанға дейін жылға, 14 300 000 мың теңге сомаға банк қарыз шарты жасалынды, №KD-14-59, 20.12.2012жылғы.

25. Эмитент қызметін жүзеге асыру үшін алынған лицензиялар, панеттер, рұқсаттар туралы мәлімет және ол құжаттардың датасы, нөмірі, қолданылу мерзімі және ол құжатты берген органның атауы көрсетіледі.

Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі ҚР агенттігімен 2010 жылғы 12 сәуірде ұлттық валютамен банк операцияларын жүргізуге берген № 5.1.69 Лицензиясы, әрекет ету мерзімі шектелмеген. Аталған лицензия банкілік қарыз операцияларын жүргізуге құқық береді: ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық талаптары бойынша ақшалай нысандағы несиелерді беруге.

26. Соңғы екі жылда немесе нақты жұмыс істелген кезеңде сатылған өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызмет көрсетудің) нақты немесе сандық өлшем бірліктерімен көрсетілген көлемі.

2013 жылғы қаңтар-мамыр айларындағы Банк-серіктестерден ипотекалық қарыздар бойынша талап құқықтарын сатып алу

Несие беру бағдарламасы		ЖИЫНТЫҒЫ
Арнайы бағдарлама	Сомасы	0
	Саны	0
Нарықтық бағдарлама	Сомасы	388 595 722,00
	Саны	72
Бағдарламалар бойынша жиынтығы:	Сомасы	388 595 722,00
	Саны	72

2012 жылғы Банк-серіктестерден ипотекалық қарыздар бойынша талап құқықтарын сатып алу

Несие беру бағдарламасы		ЖИЫНТЫҒЫ
Арнайы бағдарлама	Сомасы	5 000 000,00
	Саны	2
Нарықтық бағдарлама	Сомасы	318 766 870,00
	Саны	31
Бағдарламалар бойынша жиынтығы:	Сомасы	323 766 870,00
	Саны	33

2011 жылғы Банк-серіктестерден ипотекалық қарыздар бойынша талап құқықтарын сатып алу

Несие беру бағдарламасы		ЖИЫНТЫҒЫ
Арнайы бағдарлама	Сомасы	28 263 526,33
	Саны	10
Нарықтық бағдарлама	Сомасы	1 176 114 981,04
	Саны	178
Бағдарламалар бойынша жиынтығы:	Сомасы	1 204 378 507,37
	Саны	188

Тікелей несие беру бойынша Эмитент қызметі басынан бастап ипотекалық қарыз беру (2010 жылғы 06 желтоқсаннан бастап 2013 жылғы 01 маусымға дейін)

Жылы	Саны	Сомасы
2010	1	8 000 000
2011	131	4 075 825 111
2012	495	5 101 368 183
2013 қаңтар - мамыр	172	1 572 209 281

Эмитенттің соңғы екі жыл ішіндегі немесе нақты қызмет ету кезеңіндегі жүзеге асырған өнімдері (көрсеткен қызметтері, жұмыстары) көлемдерінің өзгеруіне талдау жасау.

Ипотекалық қарыздар бойынша талап құқықтарын сатып алу көлемінің төмендеуі бірнеше себептерге байланысты болып отыр:

- меншік капиталына бақылаушы органдар тарапынан қойылатын талаптардың жоғарлауына байланысты тұрғындардың басым көпшілігіне Компанияның ипотекалық өнімдерін сатуды жүзеге асыратын кейбір ипотекалық ұйымдардың өз қызметін тоқтатуы;
- ипотекалық қарыздардың тұтынушыларының ағымына әсер еткен несие беру өнімдеріне, сондай-ақ әлеуетті қарыз алушыларға/клиенттерге қойылатын талаптардың күшейтілуі. Бақылаушы органдармен аталған шаралар екінші деңгейлі банктердегі және несие беру ұйымдарындағы несие тәуекелдерін қысқарту мақсатында ендіріліп отыр.

Ипотекалық қарыздарды беру бойынша оң серпінді өсу байқалуды. 2012 жылы 2011 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда Эмитентпен ипотекалық қарыздарды беру көлемі 25% өскен.

27. Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сатудың (жұмыстардың, қызмет көрсетудің) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар.

Экономикалық өсім қарқынының баяулауымен және экономиканы несиелеудің төмендеуімен, жылжымайтын мүлік нарығындағы бағаның құбылмалылығымен, ішкі нарықтағы тұтынушылық сұраныстың тұрақсыздығымен, экономиканың әртүрлі салаларындағы әлсіз іскерлік белсенділігімен байланысты, сақталып жатқан жұмыссыздық деңгейі және тағы басқа әр түрлі қаржылық дағдарыстардың себептері тұрғындардың әл-ауқатына өз әсерін тигізіп, сондай-ақ Компанияның әлеуетті қарыз алушыларының төлем қабілеттілігінің төмендеуіне алып келіп отыр.

Ипотекалық несие беру қызметтеріне арналған сұраныстың Қазақстан экономикасындағы жағдайға толығымен байланысты екендігін ескере кеткен жөн. Сонымен қатар, 2013 жылдың басынан бастап, макроэкономикалық көрсеткіштердің оңтайлы динамикасы мен едәуір қарқыны байқалады.

Кейбір ірі екінші деңгейлі банктер ипотекалық қарыз берулерді қайта белсенділеді. Сонымен қатар, сапалы несие қоржынына баса назар аударатын екінші деңгейлі банктер, бөлшектік несие берудің барлық түрлері бойынша талаптарды қатаңдандырды. Олардың басты түрлерінің бірі: сыйақы мөлшерлемелерін ұлғайту, бастапқы жарна мөлшерін ұлғайту, ипотекалық қарыз мерзімінің ең жоғарғы мерзімін қысқарту, ипотекалық қарыз алуға қажетті құжаттар пакетіне қойылатын талаптарды қатаңдандыру

Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отырып, ипотекалық өнімдерді сатудан түсетін пайдаға оң әсер ететін факторлар мыналар болып табылады:

- кең өнімді желі сызығы;
- несие берудің оңтайлы талаптары-бастапқы жарнаның ең төменгі мөлшері, ұзақ мерзімділік, аннуитеттік/дифференциалды төлемдермен өтеу, қосалқы қарыз алушыларды тарту мүмкіндіктері, ішінара және толығымен мерзімінен бұрын өтеуге тыйым салулардың болмауы;

- банк –серіктестер арқылы берілетін ипотекалық қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелері ипотекалық нарық бойынша нарықтағы орташа деңгейден аспайды, сондай-ақ қарыз валютасы – теңгемен, шет ел валютасына (АҚШ долларына) бағынбайды;
- Компаниямен тікелей берілетін ипотекалық қарыздың тіркелген мөлшерлемесі және дифференциалды мөлшері ипотекалық өнімге байланысты болады, оның деңгейі нарықтағы орташа деңгей;
- банк-серіктестердің кең соңғы желісіне байланысты ипотекалық нарықтың бүкіл географиясын жабады;

Ипотекалық өнімдерді сатудан түсетін пайдаға теріс әсер ететін факторлар мыналар болып табылады:

- экономиканың құлдырауы, ол әлеуетті қарыз алушылардың (тұтынушылардың) төлем қабылеттілігі мен несие қабылеттілігіне әсер етеді;
- жылжымайтын мүлік нарығындағы бағалардың тұрақсыздықтары, ол кепілмен қамтамасыз ету құнының төмендеу тәуекелін сақтап тұрады және ол активтер сапасының төмендеуіне әкеледі.

28. Эмитенттің өз өнімін (жұмыстарын, қызмет көрсетуді) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі.

1) Эмитенттің барлық жеткізілімінің он және одан көп проценті тиесілі болатын жеткізушілерінің атауы және орналасқан жері, олардың үлестері процентпен көрсетіледі. Осы дерек көздеріне болашақта рұқсат беруге қатысты болжамдар ұсынылуы тиіс;


Компания банк-серіктестермен (екінші деңгейдегі банк-серіктестер және ипотекалық ұйымдар) қызмет істеумен, өз қызметтерін сатуды ұйымдастырады (ипотекалық қарыздар бойынша талап құқықтарын сатып алу). Сонымен қатар Компанияның Астана қаласындағы өкілдігі және Қазақстанның барлық аймағында ұсынылған, өз аймақтық өкілдерінің желілері бар.

Қазақстанның барлық аймақтарда ұсынылған, кең тармақталған филиалдық желілері бар және ипотекалық несие берудің барлық нарығын қамтитын, банк-серіктестермен (ипотекалық ұйымдарды қоспағанда) ынтымақтастық. Бұл Компанияға қайталама екінші нарықта оператор ретінде өзінің міндеттерін және басты мақсатын іске асыруға мүмкіндік береді.


01.06.2013 жылғы жағдай бойынша банк-серіктестер тізімі:

1. «Альянс Банк» АҚ;
2. «АТФ Банк» АҚ;
3. «БТА Банк» АҚ;
4. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ;
5. «Банк ЦентрКредит» АҚ;
6. «Нұрбанк» АҚ;
7. «Темірбанк» АҚ;
8. «Delta Bank» АҚ;
9. «Цеснабанк» АҚ;
10. «Punjab National Bank еншілес ұйымы»-Қазақстан» АҚ;
11. «Еуразиялық Банкі» АҚ;
12. «Kaspi Bank» АҚ;
13. «Казкоммерцбанк» АҚ;
14. «Казинвестбанк» АҚ;
15. «Ресей Жинақ банкі» ЕБ АҚ;
16. «Бирюза» Ипотекалық Ұйымы» АҚ;
17. «БТА Ипотека» Ипотекалық Ұйымы» АҚ;
18. «Алматы Аймақтық Ипотекалық Ұйымы» АҚ;
19. «Элитстрой Финанс» Ипотекалық Ұйымы» АҚ.

Эмитенттің аумақ бойынша несиелік портфелі:



Эмитенттің банк-серіктестер бойынша несие портфелі:



Компания мен банк-серіктестер арасындағы қарым-қатынастар бұдан былай екеуінің арасында жасалынған Бас келісімдер негізінде жалғасады.

- 2) **үлесіне эмитенттің өнімін (жұмыстарын, қызмет көрсетуін) сатудан түскен жалпы түсімнің он және одан көп процентінен астамы тиесілі болатын тұтынушылардың атауы және орналасқан жері, олардың сатудың жалпы көлеміндегі үлестері процентпен көрсетіледі. Эмитенттің өнімін (жұмыстарын, қызмет көрсетуін) сатуға әсер етуі мүмкін теріс факторлар ашылады.**

Компанияның ссудалық қоржынында Компанияның меншік капиталы мөлшерінің 10 және одан көп пайызына сай келетін ипотекалық қарыздар жоқ болып отыр.

29. Эмитенттің қызметіне әсер ететін негізгі факторлар.

- 1) **Эмитент қызметінің маусымдылығы, эмитент қызметінің маусымдық сипаттағы түрлері және олардың эмитенттің жалпы кірісіндегі үлесі;**

Қазіргі уақытта ипотекалық несие беру бойынша қызметтерге әрдайым сұраныс туып отыр. Көпшілік жағдайларда тұрғын үй мәселесін шешудің негізгі амалы ипотекалық несие болып отырғанын ескере кеткен жөн. Ықтимал сатушылар жылжымайтын мүлікке бағаның өсуін, ал ықтимал сатып алушылар (төлем қабілеттілігі бар және/немесе тұрғын үй сатып алу үшін жеткілікті мөлшерде ақша қаражаттары бар) жылжымайтын мүлікке бағаның төмендеуін күтіп отырған жағдайлар да орын алады. Ипотекалық несие беру қызметтеріне сұраныстың толығымен қазақстан экономикасындағы жағдайларға байланысты екендігін ескерген жөн.

Сондай-ақ ипотекалық несие беру нарығы маусымдық сұраныстар сипаты деңгеймен анықталады: күзгі маусымда сұраныстың өсуі және қыста сұраныстың азаюы.

- 2) **Импорттың эмитентке жеткізілген (көрсетілген) шикізаттағы (жұмыстардағы, қызметтегі) үлесі және эмитенттің экспортқа сатқан өнімінің (жұмыстарының, қызметінің) сатылған өнімнің жалпы көлеміндегі үлесі;**

Экспорт және импорт Эмитентпен іске асырылмайды.

- 3) **Облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай ішінде жасалуы тиіс (жасалған) немесе орындалуы тиіс (орындалған) мәміле (мәмілелер) туралы мәліметтер, егер осы мәміленің (мәмілелердің) сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының он процентінен асатын болса;**

Сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының 10 % асатын мәмілелер, облигациялар шығарылғаннан кейін алты ай ішінде жоспарланып отырған жоқ.

- 4) **Болашақтағы міндеттемелер. Эмитенттің болашақтағы негізгі міндеттемелері және осы міндеттемелер эмитенттің қызметіне әсер етуі мүмкін теріс ықпалы ашылады, оның ішінде осы эмитент, облигациялардың саны, кепілдік беру шарттары, өтеу күні және кепілдік берілген шығарылымның валютасы туралы ақпаратты қоса отырып, өзге эмитенттердің үшінші тұлғалардың кепілдік беруімен қамтамасыз етілген облигациялары бойынша эмитенттің кепілдік беруі туралы;**

Эмитенттің осы критерийлерге жауап беретін міндеттемелері жоқ.

- 5) **эмитенттің сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер. Эмитенттің қатысуымен өткен, нәтижесінде эмитент қызметінің тоқтатылуы немесе шектелуі, оған маңызды ақшалай және өзге де міндеттемелер берілуі мүмкін сот процестерінің мәніне сипаттамасы;**

01.06.2013ж., жағдайы бойынша Компания мына бағыттар бойынша үшінші тұлғаның атынан шағымданушы, жауап беруші ретінде 62 сот процесіне қатысты: кепілге қойылған мүлікті бөлуге байланысты азаматтық іс; үшінші тұлғалармен қойылған Компанияның қарыздары бойынша кепілді қамтамасыз етулерді тыйым салулардан (шектеуден) босату; сот тәртібінде қарыз алушылардан (жалға алушылардан) берешек сомасын өндіріп алу;

мемлекеттік органдар әрекеттеріне шағымдану; мәмілелерді жарамсыз деп тану; Компанияның мемлекеттік сатып алу желілері бойынша азаматтық іс.

Компанияға және оның лауазымды тұлғаларына мемлекеттік органдармен және/немесе сотпен әкімшілік шаралар қолданған жоқ.

Компанияның қатысуымен нәтижелері бойынша Компанияның қызметін тоқтату немесе шектеу қойылған сот процестері болған жоқ.

01.06.2013ж. жағдайы бойынша сот процестері қорытындысы бойынша Компанияға ақшалай және басқа міндеттемелер салынуы мүмкін мынадай сот процестері болды:

1. В.Л.Годин қарызы бойынша

Л.В. Годин, А.С. Годинаның Алматы қаласы, Фурманов көшесі, 76-үй, 4-пәтер мекенжайы бойынша орналасқан кепілге қойылған жылжымайтын мүлік шартын жарамсыз деп тану туралы Компанияға қойылған шағымдары жөніндегі азаматтық іс бұрын жасалынған пәтерді сату-сатып алу шартын сотпен жарамсыз деп танумен байланысты.

Азаматтық іс соттың қарауында жатыр.

2. А.К. Кулиббетовтің қарызы бойынша

А.К. Кулиббетовтің (24.04.2006ж. қайтыс болған қарыз алушы А.К. Кулиббетов жұбайы) 1 831 000 теңге көлеміндегі соманы өндіріп алу туралы (қарыз бойынша 05.2006жылдан 01.2008жылға дейін төленген сома) «Kaspi Bank» АҚ-ына қойылған шағымдары жөніндегі азаматтық іс қарыз алушының қайтыс болуына байланысты қарыз бойынша есептеулер тоқтатылсын деген жағдайға байланысты.

Азаматтық іс соттың қарауында жатыр.

б) уәкілетті мемлекеттік органдар және/немесе сот соңғы жыл ішінде эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына қолданған барлық әкімшілік санкциялар туралы мәліметтер. Санкция қолданылған күнді, санкция қолданған органды, санкция қолдану себептерін, санкцияның түрлерін және мөлшерін, сондай-ақ санкцияның орындалу дәрежесі;

01.06.2013ж. жағдай бойынша Компания мен оның лауазымды тұлғаларына мемлекеттік уәкілетті органдар және соттар атынан соңғы жыл ішінде әкімшіліктік санкциялар қолданылмаған.

7) тәуекел факторлары. Облигациялардың ұстаушылары ұшырауы мүмкін тәуекел факторларына нақты талдау;

Несие беру тәуекелі

Компанияның негізгі қызметін жүзеге асыру аясында «банк-серіктестерден ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқықтарын сатып алу», банк қарыз шарты бойынша толық көлемде және белгіленген мерзімде қарыз алушылардың өз міндеттемелерін орындамау мүмкіндігімен байланысты несие тәуекелінің соңғы иесі банк-серіктестер болып табылады, өйткені банк-серіктестерден ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқықтарын сатып алу талаптарының біреуі, несие сапасы төмендеген жағдайда толық көлемде ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқықтарын кері сатып алу міндеттемелері болып табылады, талап ету құқықтарын кері сатып алу міндеттемелерінсіз сатып алынатын несиелерді қоспағанда. Бірақ осындай жағдайда «ҚИНКҚ» АҚ несиені кепілдендіруін тарту арқылы несие тәуекелдерін хеджирлеу бойынша іс-шаралар қолданылады.

Осыған байланысты банк-серіктес банкрот болған жағдайда, Компания үшін несие тәуекелі маңызды болады; осындайлар болмас үшін Компаниямен банк-серіктестердің қаржылық тұрақтылығына талаптар қойылады; кезеңділік негізде банк-серіктестерге қайта сертификаттауды жүргізу арқылы өзгертулерге бақылау жасалады.

Компания 2010 жылғы сәуірден бастап тікелей ипотекалық несие беру нарығына шыққандығын ескере отырып, Компания тікелей несие тәуекелдеріне ұшырауы мүмкін (қарыз алушыда міндеттемелер бойынша толық дефолт немесе негізгі борыш болмаса пайыздарды төлеуде мерзімін өткізіп алулар болатын, өз міндеттемелері бойынша ішінара немесе толығымен жауап беретін мүмкіндіктердің болмау тәуекелі). Сондай-ақ Компанияның несие

тәуекелдеріне кепілге қойылған мүлік сапасының нашарлау тәуекелдерін жатқызуға болады (мүлік құнының азаюы, иелік ету және басқару құқығының ауысуы және т.б.).

Компания іс-шаралар тұтас кешенін және үдерістерін пайдалана отырып, өз тәуекелдерінің орнын толтырады, олардың ішіне несиені міндетті түрде қамтамсыз ету, кепіл мүлкі сапасын бағалау, қосалқы қаржы көздерінің болуы, әр түрлі нормативтік коэффициенттерді қолдану, жылжымайтын мүлікті сақтандыру және ерікті негізде несиелендірудің барлық мерзімінде қарыз алушыны жеке сақтандыру кіреді. Ипотекалық несие беру туралы шешім Компанияның алқалық органы - Несие комитетімен қабылданады.

Нарық тәуекелдері.

Сыйақы мөлшерлемесін өзгерту тәуекелдері: қолданыстағы қарыз шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесі айтарлықтай төмендеген жағдайда алған ипотекалық қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндіктері өседі; нарық тәуекелін азайту үшін базалық көрсеткіштің өзгеруіне байланысты сыйақы мөлшерлемесін қайта қарау көзделген (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі). Осыған сәйкес қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі ссудалық капитал нарығында қалыптасқан мөлшерлемеден айтарлықтан айырмашылығы болмайды.

Валюта тәуекелі.

Қарыз операциялары, сонымен қатар Компаниямен сатып алынатын ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқықтары теңгемен жүргізілетін ескере отырып, соның ішінде айналысқа түсетін облигациялар бойынша барлық есеп айрысулар да теңгемен жүреді, осы позициялар бойынша валюта тәуекелі жоқ.

Компания валюталық міндеттемелері жоқ, сонымен қатар Компанияның инвестициялық қоржынында халықаралық бағалы қағаздар (евроноттар) Goldman Sachs Group Inc. және Bank of America Corporation бар, ол аздаған валюта тәуекелдеріне алып келеді.

Өтімділік тәуекелдері.

Өтімділік тәуекелін азайту мақсатында пайдаланылған қарыздар бойынша барлық төлемдерді жүргізу есебімен табыстар мен шығындарды құрылымдау бойынша ай сайынғы гөп-талдау жүргізіледі; ішкі нормативтік құжаттар қолданыста болады, солардың көмегімен Компания Басқармасы қаржы-шаруашылық қызметінің жағыдайына бақылау жүргізеді; контрагенттермен жұмыс істеу тәртібі белгіленген; сондай-ақ кезеңділік негізінде контрагенттің қаржылық жағдайына бақылау жүргізіледі. Компания ақшалай қаражаттар және олардың баламасы, екінші деңгейдегі банктердегі депозиттер және ағымдағы шоттар түріндегі өтімді активтердің жеткілікті үлесіне ие. Сонымен қатар өтімділік тәуекелі қарыздарды өтеу мерзімдерінің активтері мен пассивтерінің теңгерілімнен ауытқуы нәтижесінде туындауы мүмкін; Компания қарызды өтеу мерзімдері бойынша ағымдағы теңгерілімді тексеріп отырады және барлық ссудалық қоржын бойынша қарызды өтеудің орташа мерзіміне бара-бар қарызды өтеу мерзімінің қор көздері есебінен ссудалық қоржынды құрастырады.

Маркетинг тәуекелі.

Компания негізгі мемлекеттік агенттік болып табылады, Қазақстанның ипотека нарығының инфрақұрылымы даму үшін жауап береді, ол мемлекеттік тұрғын үй саясатының негізгі бағыты болып табылады. Компания ұзақ мерзімді ипотекалық несие беру кезінде екінші деңгейдегі банктерді қайта қаржыландыруды жүзеге асырудан басқа, 2010 жылдан бастап тікелей ипотекалық несие беру нарығына шықты. ҚР ипотекалық нарығына қатысатын ипотекалық ұйымдардың ссудалық қоржынындағы жинақталған 01.04.2013ж. жағдай бойынша Компанияның ең көп үлесі бар (98,9%). Компания әрдайым ипотекалық несие беру нарығында бәсекелеске қабілетті орта құру үшін өз өнімдерінің қатарын жақсартып отырады.

Операциялық тәуекел.

Операциялық тәуекелдерді төмендету мақсатында Компания мыналарға бағытталған іс-шаралар жүргізеді: Компанияның негізгі менеджерлері мен мамандары жұмыстан кетпеуіне жағдай жасау; Компания қызметкерлерінің біліктілігін жоғарлату; Компания қызметтерін жүзеге асыру барысында жаңылулар мен басқа бұзушылықтарды болдыртпау мақсатында жабдықтар мен техникалық материалдар базасын үнемі жаңартып отыру; бизнес-процестерді жетілдіру және Компания қызметінің тиімділігін арттыру және оңтайландыру мақсатында үдерістерді автоматтандыру деңгейін ұлғайту; Компанияның бизнес-процестеріне тұрақты

түрде ішкі бақылау жүргізу, оларды шектеу бойынша іс-шаралар қабылдау және бақылау жүргізу, бірегейлендіру мақсатында операциялық тәуекелдермен байланысты оқиғалар туралы мәліметтерге талдау жүргізудің көмегімен Тәуекелдерді төмендетуге болады.

8) Эмитенттің қызметі туралы, эмитент өз қызметін жүзеге асыратын нарықтар туралы басқа да ақпараттар.

